**Фискалдық рухы бар бақылау кассалық аппараттарды қолдану жөніндегі ЕРЕЖЕ**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі 1997 жылғы 24 наурыздағы N 9-3-2-3/1847. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 31 наурызда тіркелді. Тіркеу N 275. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 21 мамырдағы N 228 бұйрығымен.

1. Осы Ереже "Халықпен ақшалай есеп айырысуды жүргізу кезінде фискалді рухы бар бақылау-кассалық аппараттарды қолдану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 15 қаңтардағы N 67 P970067_ қаулысының 3 тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы ережені қолданудағы түсініктемелер:

- қызметінің тұрақты орны - өзінің кәсіпкерлік қызметін толығымен немесе жартылай жүзеге асыратын салық төлеушінің орны, оған өкілді тұлға, стационарды жүйе арқылы жүзеге асыратын қызметін қоса (сонымен бірге лакертар мен киоскілер)

- халық - есеп айырысуды нақты түрде, ақшалай белгіні алмастыратын кредит карточкаларымен, талондармен, нақты төлемді алмастыратын чектік кітапшалар мен және басқа құжаттармен жүзеге асыратын қызмет пен тауар тұтынушылар;

- тарату саудасы-лотоктармен, корзиналармен, столиктармен, қол арбалармен сауда жүргізу;

- пайдаланушы жауапты лауазым - заңды немесе жеке тұлғаның тікелей басшысы немесе ФР БКА жұмысына басшысының тапсырмасы бойынша жауап беретін осы ұйымның тұлғасы.

- кассир-операторшы (пайдаланушы) бақылау-кассалық аппаратының көмегі арқылы халықпен есеп айырысуды жүргізетін тұлға;

- фискалді рухы бар бақылау-кассалық аппарат - бұл фискалді рухы қосылған бақылау-кассалық аппарат;

- ФР БКА-кассалық терминалы-ақпарат құралы ретінде компьютерлік жүйеге қосылғыш мүмкіндігі бар.

3. Халыққа сауда қызметін жүзеге асыратын және ақылы қызмет көрсететін меншіктің барлық түріндегі заңды және жеке жүйелерді қоса (киоскілерді, ларектерді және басқа стационарды жүйелерді қоса) есеп айырысу (бұдан әрі - ұйым), Қазақстан Республикасының территориясында Мемлекеттік реестрге сәйкес қолданылатын фиксалдық рухы бар бақылау-кассалық аппараттарды

пайдалануға жіберілген фиксалді рухы бар бақылау-кассалық аппараттарды міндетті пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

4. Халықпен есеп айырысуды жүзеге асыратын ұйымдар міндетті:

- қызметінің алдында белгіленген тәртіп бойынша фискалді рухы бар бақылау-кассалық аппарат тіркелсін;

- халықпен есеп айырысуды жүзеге асыру үшін түзелген фискалді рухы бар бақылау-кассалық аппарат пайдаланылсын;

- сатып алушыға (клиентке) алғанына (қызмет көрсеткеннен кейін) фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппарат басқан сатушы (клиент) мен және тиісті ұйымның арасында сатып алу сату (қызмет көрсету) шарты бойынша міндеттеменің орындалғанын анықтайтын чек беріледі.

- салық органдарының қызметкерлері фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппаратына тосқауылсыз жіберілсін.

- шығарушы және салық органы анықтаған фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппаратты пайдалану ережесін сақтау.

5. Бөлшек сауданы (қызмет көрсетуді) жүзеге асыратын барлық ұйымдар сатып алушыға (клиентке) жайлы жерде хабарланған баға мен тарифті растайтын құжатқа сәйкес ұйымның немесе жауапты тұлғаның қолы мен мөрі куәландырылған сататын тауарлардың (қызмет көрсету нұсқамасын) бағасын іліп қоюға тиіс.

6. Кассалық чекте қазақша немесе орыс тілдерінде тұтынушыға қажетті ақпарат болуға тиіс: ұйымның атауы, шифрі, сатып алуды (қызметті) атқарған күні мен уақтысы, тауардың (қызметтің) атауы, тауардың бағасы мен сомасы, N 7 нысан түріндегі фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппараттың заводтық нөмірі. Фискалдық картаны пайдаланған жағдайда чекте фискалдық картаның нөмірі, чектің реттік нөмірі, тұрақты коды болуы тиіс.

7. Кассалық операцияларды рәсімдеу Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекіткен Қазақстан Республикасында кассалық операцияларды енгізу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының өндіріс және кәсіпкерлер одағының келісімімен мынадай нормалық құжаттар әзірленіп және бекітілуде:

- фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппаратты пайдаланудың негізгі тәртібі, кассир-операцияшының (пайдаланушының) жұмысына талап;

- фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппаратқа және олардың түрлеріне техникалық талаптар;

- Қазақстан Республикасындағы фискалдық рухы бар бақылау-кассалық

аппараттарды сату, техникалық қызмет көрсету және жөндеу тәртібі туралы ереже;

- фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппараттар жөніндегі ведомствоаралық сараптау комиссиясы туралы ереже;

- салық органдарындағы интеллектуалды фискалды картасы бар жеке компьютерлі базасында, кассалық терминалды фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппараттарды тіркеу тәртібі туралы;

Ескерту. 8-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.04.02. N 21 V980640_ бұйрығымен.

9. Ұйымдар (заңды тұлғаларды құрмай-ақ өздерінің сауда операцияларын немесе қызмет көрсету жағдайында кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырушы соның ішіндегі тұлғалар) өзінің қызметінің ауқымына байланысты немесе тұрған жеріне байланысты халықпен есеп айырысуды бақылау-кассалық аппараттарды қолданбай жүзеге асырулары мүмкін:

а) өзінің қызметінің орнына байланысты тауарларды сатуды (қызмет) жүзеге асыратын патент бойынша жұмыс істейтін тұрақты орны жоқ жеке тұлғалар.

б) Ұйымдар (заңды тұлғаларды құрмай-ақ өздерінің сауда операцияларын немесе қызмет көрсету жағдайында кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырушы соның ішіндегі тұлғалар) халыққа квитанция, жолдама, билет, талон, пошта төлемінің белгісін беруге қызмет көрсету бөлігіндегі немесе Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен нысандағы қатаң есеп беру құжаттарына басқа теңдестірілген чектер.

в) Ұйымдар:

- ішімдік, темекі өнімдерін және алуан тұрмыстық техникаларды

қоспағанда тасымалдау сауда құралдарымен сату;

- мектеп ұжымын және оқушыларға ғана қызмет көрсететін мемлекеттік мектептердегі орналастырылған тамақтандыру кәсіпорындары;

Ескертпе: Аталған ұйымдар тұтынушылардың талабы бойынша тауар чектерін беруге міндетті.

Қосымша 1

"Бекітемін" "Келісілген"

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі Экономика және сауда

министрлігі

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрлігі

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және кәсіпкерлер
одағы

## ФИСКАЛДЫҚ РУХЫ БАР БАҚЫЛАУ-КАССАЛЫҚ АППАРАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, КАССИР-ОПЕРАЦИОНШЫНЫҢ (ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ) ЖҰМЫСЫНА ТАЛАП

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппараттарды пайдаланудың негізгі Ережелерінің 8 тармағына сәйкес фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппараттарды пайдаланудың және кассир-операционшының жұмысына талаптың мынадай негізгі ережелерін белгілейді.

### 1. Жалпы ережелер

Фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппарат (БКА) фискалдық рухы бар чек басатын құрылғысы бар және есеп айырысу кезінде ақша түсімдерін есептейтін алуан электронды есептеу жүйесін құрайды.

Заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі пайдаланушыға) тек қана белгіленген тәртіп бойынша сериялық үлгілері сынақтан өткен және Қазақстан Республикасының фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппараттар үлгісі Мемлекеттік реестрге енгізілген типті БКА пайдалануға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы жұмыстарды орындауға жіберілген кассалық аппараттарды пайдалануға беру, техникалық қамтамасыз ету, жөндеу әзірлеушілер немесе техникалық қызмет көрсету орталықтарымен жүргізіледі.

Халықпен ақшалай есеп айырысуға арналған бақылау-кассалық аппараттар пайдаланушы немесе оның құрылымды бөлімшелерін тіркейтін мекендегі салық органында тіркеуге жатады.

Бақылау-кассалық аппараттарды пайдалану ережелерін сақтауға, пайдаланушының ақшалай пайда қаржыларының толық есебіне бақылау жүргізуді салық қызметтері жүзеге асырады.

### II. Фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппараттардағы пайдалану ережелері мен жұмыс тәртібі

2.1. Кассалық аппаратта жұмыс істеуге техникалық шектердегі көлемде кассалық аппараттарды пайдалану жөніндегі ережені меңгерген және осы ережелерді жатқан білетін адамдар жіберіледі.

2.2. БКА маркалық бедерінде бейнеленген кассалық аппараттың заводтық нөмірі паспортта көрсетілген БКА N %, сондай-ақ әрбір кассалық чекте және есеп беру парағындағы нөміріне сай келуі керек. Бұл нөмір осы кассалық аппаратқа қатысты барлық құжаттарда міндетті көрсетіледі, ( кассир-операционшының кітабында, қайтару, жою актілерінде, БКА басқа ұйымға қайтару жөніндегі құжаттарда, жөндеуге жіберу және басқалар).

2.3. Пайдаланушы ФР БКА паспорты болуы керек, оған аппаратты пайдалануды қосу туралы, орташа және күрделі жөндеу мәліметтері кіреді.

2.4. БКА жұмысының фискалды режимін орнатқан салық органы (СО) өкілдеген салық инспекторы немесе ұйым фискалдық рухқа кіру паролін енгізеді. Барлық БКА ФР кіру паролі СО сақталады.

2.5. БКА фискалдық есебін мынадай жағдайда салық инспекторы алады:

- салық органдарының сауда (қызмет көрсету) ұйымын тексеру өткізгенде;

- фискалдық рухтың (ФР) блогын алмастырғанда;

- БКА иесін алмастырғанда (фискалдендіруді қайталау алдында және БКА тиісті тіркегенде).

- БКА пайдаланудан шығарғанда.

Бұл жағдайда N 1 нысан бойынша фискалдық есеп беру қорытынды көрсеткіштерін атап фискалдық есеп беру актісі жасалады.

2.6. Пайдаланушы электр энергиясы жоқ болғанда немесе желідегі қуаттың аздығынан немесе ФР БКА режим температурасының сәйкес келмеуі оған байланысты емес себептерден болғандықтан пайдаланушы бұл жайында салық органдарына хабарлайды. Бұл жағдайда сауда жүргізу (қызмет көрсету) тауар чектерінің көмегі арқылы жүргізіледі.

2.7. Фискалдық рухты бақылау-кассалық аппараттың ақауы кезінде пайдаланушы бұл жайында осы аппараттарды техникалық қызмет көрсету құқығы бар тиісті техникалық орталыққа хабарлайды. Бұл жағдайда салық органының рұқсатынсыз фискалдық рухты бақылау-кассалық аппаратты жөндегенге дейін сауда жүргізуге (қызмет көрсетуге) тыйым салынады. Егер де фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппарат жұмыс уақыты кезінде істен шықса оны басқа аппаратпен алмастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда товарлық чектерді міндетті беру арқылы жұмыс аяғына дейін жұмысты жалғастыруға рұқсат беріледі.

Фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппаратты жөндеуге қабылдау кезінде Техникалық қызмет орталығы салық органында белгіленген тәртіппен тіркелген фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппаратты жөндеу мерзімі

белгіленген уақытқа тегін беруге тиіс.

Салық органдары ұйымдарға фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппаратты қолданбай халықпен есеп жүргізу мерзімін облыстық қалалар мен Алматы қаласы үшін 3 күн, ал аумақтарға 15 күннен асырмай белгілеулері тиіс.

2.8. Салық органдары фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппаратты қолданбай сауда жүргізуге (қызмет көрсетуге) рұқсат бергенде ұйым халықпен есеп айырысқанда тұтынушының қолына кассирдің (пайдаланушының) қолымен толтырылған чек беруге міндетті.

Берілген чектер салық органында N 6 нысандағы чек кітапшасы түрінде нөмірленіп және тіркелуі тиіс және тауарлы чектерді тіркеу кітабында N 6 нысанда есептелуі тиіс.

2.9. Ұйымдарға бекітілмей берілген нысандағы шоттар, квитанциялар және басқа құжаттар осы ереженің 2.7. тармағында көзделгеннен басқа жағдайда халықтан нақты ақша алған кезде ұйымды фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппараттарды қолданудан босатпайды.

2.10. Фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппараттардың көмегі арқылы халықпен есеп айырысуды жүргізгенде ұйымдар сатып алушының (тапсырыс берушінің) қолына ақшалай есеп айырысуды растайтын міндетті түрде кассалық чек берулері тиіс.

2.11. Фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппараттардың барлығында жұмыс істегенде міндетті түрде бақылау лентасы мен N 2 нысандағы кассир-операционшының кітабы қолданылады, бұлар қапталып, нөмірленіп салық инспекторының қолымен және жауапты пайдаланушы тұлғаның қолымен және заңды тұлғаның мөрімен куәландыруы тиіс. Бірақ "Кассир-операционшының кітабы" кассалық есеп беруді алмастырмайды.

Барлық аппараттарға жалпы кітап жүргізуге рұқсат беріледі. Мұндай жағдайда жазбаларда барлық кассалардың нөмірі көрсетіліп (NN 1, 2, 3, және басқалары) кассалық аппараттың заводтық нөмірінің сандық көрсеткішінде істен шыққан кассалық аппараттың ақшалай регистрі көрсетіледі, ол күн сайын қайталанады (запаста, жөндеуде және басқаларда) және ұйым әкімшілігі өкілінің қолымен куәландырылады.

Кітаптағы барлық жазбалар хронологиялық тәртіппен түзетілмей сиямен толтырылады. Кітапқа түзетулер енгізілгенде ол айтылады және ФР БКА пайдаланушы жауапты тұлғаның қолымен куәландырылады.

## III. Кассалық аппараттарды жұмысқа әзірлеу

3.1. Жаңа кассалық аппараттарды және терминалдарды пайдалануға қосуды осы типті кассалық аппараттарға техникалық қызмет және жөндеу жұмысын

жүргізетін осы ұйымның маманы атқарады. Маман дайындаған-ұйымның немесе фискалдық рухы бар бақылау-кассалық аппараттарға техникалық қызмет көрсету орталығы берген аппараттарға техникалық қызмет көрсету және жөндеуге құқығы бар куәлігі болуы тиіс және пайдаланушы ұйымның басшысының алғашқы талабы бойынша ұсынады.

3.1.1. Аппараттарды іске қосқанда пайдаланушының жауапты тұлғасы қатысуға тиіс.

3.2. Кассалық аппараттарды жөндеу жөніндегі маман (қажет болған жағдайда электроншы-бағдарламашы) кассалық аппараттардың жұмысын бақылап тексереді, жұмысының режимін бағдарлайды, аппаратты пломбылайды, аппаратты пайдалануға рәсімдейді, шығарушы-завод паспортының (нысанының) қажетті бөлімін толтырады.

Салық инспекторы немесе салық органы өкілдеген ұйым БКА фискалдық жұмыс режимін белгілейді, фискалдық рухқа кіру поролін енгізеді, фискалдық есепті алады, оны өзінің қолымен және салық органының мөртабанымен куәландырады және ұйымда сақтауға қалдырады.

3.3. Жұмыс режиміне кіруге кіру кілтімен жабдықталған БКА үшін:

а) ФБ кіру кілті БКА қондырған жердегі салық органына беріледі;

б) "Бағдарлама" режиміне кіру кілті ТҚО сақталады.

3.4. Кассалық аппараттың паспорты, кассир-операционшы кітабы, актілер және басқа құжаттар жауапты пайдаланушы тұлғада сақталады.

3.5. Пайдаланушы жауапты тұлға жұмыс алдында шығарушы заводтың нұсқаулығына сәйкес барлық операцияны орындауы тиіс.

## IV. Ауысым кезіндегі кассирдің жұмысы

4.1. Кассир-операционшы немесе басқа материалдық жауапты тұлғаның ( бақылаушы-кассир, даяшы, сатушы, тоқхана, тапсырыс беруді қабылдаушы және басқалардың) міндеті:

- кассалық аппаратқа дұрыс қарауды және сақтауды қамтамасыз ету, оны тазалап тәртіппен қарау;

- осы типтес кассалық аппараттарды пайдалану жөніндегі нұсқамаға сәйкес somaларды енгізу операциясын жүзеге асыру;

- бір сатушыға (клиентке) сатып алудың жалпы сомасын кассалық аппараттың қызмет көрсету индикаторындағы қызметті анықтап және оны сатып алушыға (клиентке) айтады;

- сатып алушыдан (клиенттен) тауар немесе қызмет көрсетуге сатып алушыға (клиентке) айтқан сомадан ақша алу, қызмет көрсетуге сатып алу тауарына арналған нұсқада көрсетілген қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындардағы ұсыныс

немесе бағамада көрсетілген мынадай тәртіппен:

а) алынған ақша сомасын нақты атап осы ақшаны сатып алушының (клиенттің) көзінше бөлек қою;

б) кассалық чекті басу;

в) қайтару сомасын атап, оны сатып алушыға (клиентке) кассалық чекпен бірге беру (бұл жағдайда ақша купюрасын және тиындарды бірге беру).

4.2. Кассир-операционшы қайта келген сатып алушыға (клиентке) кассалық чекте өзінің қолы немесе жауапты пайдаланушы тұлғаның қолы бар болса, онда осы ұйым берген кассалық чек бойынша ақша бере алады.

4.3. Кассир-операционшы (пайдаланушы) қателескен жағдайда:

- сома енгізілгенде және ауысым кезінде чекті өтеуге мүмкіндік болмаған жағдайда "алынып тасталған" рәсімі орындалып, қателесіп енгізілген сома чегінде мөр қойылады. "Алынып тасталған" чекпен қоса пайдаланылмаған чек ауысым соңында актіленеді.

- сатып алушы (клиент) есептесуде дау туған жағдайда ол әкімшіліктен кассаны алуға құқығы бар;

- жұмыс соңында ұйымның әкімшілігімен бірлесіп пайдаланбаған кассалық чек бойынша сатып алушыға (клиентке) ақшалай соманың қайтарылғаны жайлы N 3 нысан бойынша акт жазып, рәсімдейді, есептесіп, қағаз парақшасына желімдеп актімен бірге бухгалтерияға тапсырады (онда сол күнгі текстік құжатпен сақталады);

- кассир-операционшының кітабына сатып алушыға (клиентке) қайтарылған чек бойынша төленген сома жазылады.

4.4. Кассир-операционшының құқығы:

- кассалық аппарат бойынша басылымдарды алады.

Ақау кезіндегі кассирдің міндеті:

- кассалық аппаратты сөндіреді;

Пайдаланушы жауапты тұлға өз күшімен ақауды жоя алмаған жағдайда техникалық қызмет көрсету орталығының техникалық маманын шақырады, техникалық маманды шақыру және атқарылған жұмысты тіркеу (N 4 нысан) журналында тиісті жазу қалдырады.

- нақты ақшаны тек қана пайдаланушы жауапты тұлғаға береді, сатып алушыға чектерді қайтару сомасынан басқасы.

4.5. Кассир-операционшыға тыйым салынады:

- бақылау лентасыз жұмыс істеуге немесе олардың үзілген жерін желімдеуге (кассалық аппараттарды фискалдық карта базасында пайдалану жағдайынан басқасы);

- кассалық аппаратпен пайдалануға басқа адамдарды жіберуге, пайдаланушы жауапты тұлғаны және олардың рұқсатымен техникалық қызмет көрсету

орталығының техникалық маманынан басқасы;
- кассалық аппараттың жұмыс бағдарламасына өз бетінше түзету енгізуге ( соңғысы санкциясы жоқ құжатқа жіберілуден қорғалуы тиіс);
- өзімен бірге өз ақшасын ұстауға фискалдық рухы бар аппарат арқылы ескерілмеген ақшаны ұстауға;
- пайдаланушы жауапты тұлғаның рұқсатынсыз кассаны алуға;

## V. Кассалық аппаратта жұмысты аяқтау

5.1. Ұйымның жұмысы аяқталғанда немесе инкассатор келген кезде, егер де ол ұйымның жұмыс аяғына дейін тізбе бойынша келгенде кассирдің міндеті:
- ақша түсімін және басқа төлем құжатын әзірлеуге;
- кассалық есепті әзірлеп және кассалық есеппен бірге кіріс ордері бойынша ұйымның кассасына табысты тапсыру.
5.2. Анықталған жетпеген немесе артық ақшалар кассир-операционшы кітабының тиісті бағанына енгізіледі.
Тексеру нәтижесі бойынша жауапты пайдаланушы ақша қаражаты жетпеген жағдайда, оларды белгіленген тәртіппен оған жауапты адамдардан өндіріп алуға шара қолдануы тиіс, ал артық ақша қаражаты анықталса оларды шаруашылық қызметінің нәтижесіне жатқызып есеп бойынша кіріске алады.
5.3. Кассалық құжаттарды ресімдеуді аяқтап, кассир "ауысым аяқталады" рәсімін аппарат моделін әзірлеген техникалық талаптарға сәйкес орындайды.
Пайдаланушы жауапты тұлға барлық тиісті құжаттарды алғанда өткен күнге N 5 нысан бойынша салыстырмалы есеп әзірлейді.
Актілермен, кіріс және шығыс құжаттарымен бірге салыстырмалы есеп ұйымның бухгалтериясына беріледі.

## VI. Кассалық құжаттарды сақтау мерзімі

6.1. Тұтынушымен есеп айырысу сомасын анықтайтын пайдаланылған бақылау ленталары, чектер және басқа құжаттар ұйымда қапталған күйінде соңғы тауар есебін тексеру мен мүккәмалданғаннан кейін 15 күн мерзімге сақталады, содан кейін жойылады, бұл жағдайда жою актісі жасалады, (артық немесе жетпеген жағдайда -істі қарағанша).

Тауарлы, фискалдық және "z" қорытындылы есептер, сондай-ақ оларға қосылған қатаң есеп құжаттары ұйымда бес жылға сақталады. Белгіленген сақтау мерзімі аяқталғанда шикізат қабылдайтын ұйымға акт бойынша оларды есептен алып тастау (жою) туралы тапсырылады немесе осы ұйымның

(пайдаланушының) өзі жойылғандығы жайлы акт жасалады.
Құжаттарды сақтауға пайдаланушы жауапты тұлға жауап береді.

Қосымша 2

"Бекітілген" "Келісілген"
Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі Экономика және сауда
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіпшілер және
кәсіпкерлер одағы

Фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарға
қойылатын техникалық талаптар

I. Фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарға қойылатын осы техникалық талаптар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 15 қаңтардағы N 97 қаулысымен бекітілген, халықпен ақша есептерін жүзеге асыру кезінде фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын қолдану туралы Ереженің 8 тармағына сәйкес жасалған.

II. Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттары:

1. Фискальды жадты автономды бақылау-кассалық аппарат
2. Фискальды жауапты пассивті жүйелі бақылау-кассалық аппарат
3. Фискальды жадты активті жүйелі бақылау-кассалық аппарат топтары бойынша жіктеледі.

Жіктелімде қолданылатын ұғымдар:

1. Фискальды жадты бақылау-кассалық аппараты (БКА) оған енгізілген бағдарламалар бойынша БКА басқаратын функциональдық міндетін кеңейтуге тек енгізу-шығару қосымша қосылған қондырғылар есебінен жете алады. Фискальды жадты автономды бақылау-кассалық аппаратына сондай-ақ, локальды немесе қашықтағы аппарат жүйесіне шығу мүмкіндігі жоқ жүйелік, портативтік (жүйелік және электр жүйесіне қосылмай тұрақты электр энергиясының көздерінен жұмыс істеу мүмкіндігі бар) жатады.

2. Фискальды жауап пассивті жүйелі бақылау-кассалық аппараттың (БКА) ақпарат көзі ретінде компьютерлік-кассалық жүйеде жұмыс істеу мүмкіндігі бар,

бірақ бұл жүйе жұмысын басқару мүмкіндігі жоқ.
Пассивті жүйелі БКА автономды БКА ретінде қолдануға болады.

3. Активті жүйелі бақылау-кассалық аппарат (БКА) компьютерлік-кассалық жүйеде жұмыс істеу мүмкіндігі бар, бұл ретте жұмыс жүйесін басқара алады.

Активті жүйелі БКА-на сондай-ақ, енгізіп-шығару, сақтау, ақпараттарды өңдеу және бейнелеу бойынша жеке компьютерлік мүмкіндікке ие, фискальды жадты - БКА жатады.

Активті жүйелі БКА пассивті, жүйелі немесе автономды БКА ретінде қолданылады.

Фискальды жадты активті жүйелі бақылау-кассалық аппараты ретінде жеке

компьютерді қолдануға болады. Мұндай жағдайда, жеке компьютер құрамына фискальды карта

сөзсіз енгізілуі керек.

Ескерту. Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға жіберілген фискальды карталарға қойылатын техникалық талаптар қосымша жасалады.

Ескерту. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.04.02. N 21

V980640_

бұйрығымен.

III. Олардың жіктелуі бойынша фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарға қойылатын техникалық талаптар.

Фискальдық жадты бақылау-кассалық аппараттары

1-тарау. БКА-ның барлық топтары үшін қойылатын жалпы талаптар

1. БКА жабдықтарына (кілттердің саны нақтылы моделімен анықталады) енетін бағдарламалық пароль (кемі 4 разряд) немесе нөмірлік кілті (кемі 99 нұсқа) немесе АФК-ға электрондық кілт.

2. Бақылау-кассалық аппарат сатып аларда тіркеу кезінде бірыңғай жұмыс циклында тіркелетін тек таспасы және бақылау таспасы. БКА-ны қолданған

жағдайда кодты реттеп, міндетті түрде қосатын бақылау таспасы файлға БКА-ның қатты дискінде немесе серверінде әр операцияға енгізілуі мүмкін.

3. Фискальды жад.

4. Тек таспасы болмаған жағдайда аппаратты бөлу немесе қатты дискіде транзанциямен жазу мүмкін болмаған жағдайда АФҚ-ны қолдану.

5. Бақылау таспасы болмаған жағдайда аппаратты бөлу.

6. Кассир операцияны дұрыс орындамаған жағдайда аппаратты бөлу.

7. Басылған құжатты бүлдіруге әкеліп соғатын, аппаратта апат жағдайы орын алған жағдайда аппаратты бөлу. Аппаратта үйкелу (жүргізілген операцияларды жою) режимі бар болған жағдайда мұндай бөлудің болмауына жол беріледі.

8. Фискальды жадтың шамадан тыс толық болған, бұзылған, ажыратылған, сондай-ақ фискальды режимде БКА-ның жұмыс жағдайында фискальды жадқа рұқсатынсыз іске қосу кезінде аппаратты бөлу.

9. Жазылған көрсетулердің саны мен жою саны кемі 4 бақылау есептегіштердің разрядтығы (операциялық регистрлер).

10. Ақша және операциялық регистрлер ақпаратын, сондай-ақ жүйелік қуатты кемі 1 ай (720 сағат) ажыратып тастаған жағдайда жадтың энергетикалық тәуелді ақпараттық қызметін сақтау.

11. Кассирдің индикаторы.

12. Сатып алушының индикаторы (сатып алушының талаптары бойынша, портативті БКА үш міндетті емес).

13. Негізгі жұмыс режимін бағдарламалау.

14. Автоматты тестілеудің бар болуы.

15. Басу жылдамдығы "жылдың орташа ұзындығы сек/1,5 кем емес.

16. Басуға енгізу үшін клавиатурада белгіленетін, БКА лицензиясы бойынша импортталатын және өндірілетін ақпараттарды индикациялау орысшаланған (немесе қазақ тілінде) болуы керек.

17. БКА-ның маркировкасы, мазмұны болуы керек:

- аппараттың атауы;
- заводтың нөмірі;
- шығарылған күні;
- БКА-ны жасаушының фирмалық белгісі.

Маркировкалау тәсілі оның сақталуын аппараттың қызмет ету мерзімі бойында оның сақталуын қамтамасыз ету керек.

2-тарау. БКА-ның түрлі топтары үшін қойылатын түрлі талаптар

| Өлшемдердің атаулары | 1 | 2 | 3 |
| --- | --- | --- | --- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. Қондырғымен жабдықталған сыртқы қабы, қондырғы оны бақылаусыз алуға жол бермейді және жасаушы-кәсіпорынның немесе БКА-ға техникалық қызмет жүргізуші ұйымдардың не болмаса салық инспекциясының қойған пломбасы | | | |
| 2. Тек чектерді қалыптастырып болғаннан кейін және (немесе) арнаулы кілттің көмегімен ғана қолма-қол ақшаға ашылатын жолды қамтамасыз ететін ақша жәшігі | +2 | + | + |
| 3. Салым (салынған) құжаттардағы мөр (оны тіркеу көзделген режимде). | -5) | * | * |
| 4. Чекке басылатын мәлімет: | | | |
| * чектің осы нөмірі | + | + | + |
| * сатып алынған күні және уақыты | + | + | + |
| * сатып алу сомасы | + | + | + |
| * сатып алушы енгізген сома | * | * | * |
| * қайтарып берілген сома | * | * | * |
| * аппараттың заводтық нөмірі | + | + | + |
| * бағдарламалайтын сауда кәсіпорнының | + | + | + |
| * атауы, 18 символдан кем емес тауардың | * | * | + |
| * атауы немесе коды кассирдің шифрі | * | * | * |
| 5. Бақылау таспасына басылатын мәлімет | | | |
| * чектің рет нөмірі | + | + | + |
| * сатып алынған күні | + | + | + |
| * сатып алу уақыты | + | + | + |
| * сатып алу сомасы | + | + | + |
| * секциялардың индентификаторлары | +2 | + | + |
| * кассирдің шифрі | * | * | * |
| 6. Салым (салынған) құжатқа басылатын мәлімет: | | | |
| * аппараттың заводтық нөмірі | - | * | * |
| * бағдарламалайтын сауда кәсіпорынның атауы, 18 | - | * | * |
| * символдан кем емес | -5) | + | + |
| * чектің рет нөмірі | -5) | + | + |
| * сатып алынған күні | -5) | + | + |
| * сатып алынған уақыты | -5) | + | + |
| * сатып алу сомасы | -5) | * | * |
| тауардың атауы немесе коды | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| секциялардың индентификациялары | - | + | + |
| кассирдің шифрі | - | * | + |
| 7. Секциялардың саны, кем емес | 4/1 (порт) | 8 | 16 |
| 8. Кассирлердің саны, кем емес | 2/1 (порт) | 4 | 16 |
| 9. Енгізілген және индицирленген сомалардың разрядтығы, кем емес | 7 | 7 | 8 |
| 10.Аккумулятордан жұмыс істеу мүмкіндігі | *3) | * | - |
| 11.Аккумулятордан жұмыс істеу мүмкіндігі | *3) | * | - |
| 12.Есеп құжаттарын жасау | 4) | 4) | 4) |
| * фиксельдік есеп | + | + | + |
| * кассирлер бойынша | * | + | + |
| * секциялар бойынша | + | + | + |
| * есеп түрлері бойынша | * | + | + |
| * сағат сайынғы есеп | * | + | + |
| * ауысымдық (тәуліктік) есеп | + | + | + |
| 13.Қосымша қондырғыларды қосу мүмкіндігі: | | | |
| * төлем карталарынан шегеріп есептеу | - | * | + |
| штрихты | | | |
| * кодтан шегеріп есептеу | - | * | + |
| * тапсырма мөр | -5) | * | + |
| * электронды таразы | * | * | * |
| * бағдарланған ЕШ байланыс арнасы | - | + | + |
| 14.БҚА-да тауарлар туралы дифференцирленген есептің бар болған жағдай бағаларды бағдарламалау мүмкіндігі. | + | + | + |

---

Ескерту:

1. Шартты белгілер:
   "+ " міндетті өлшемдер, "___"___" * " тұтынушы талап етуі бойынша өлшемдер.
2. Портативті БКА үшін өлшемдердің болмауына жол беріледі.
3. Портативті БКА үшін талаптар міндетті.
4. Түрлі есеп түрлерін (фискальдықтан басқа) бір ведомоста біріктіруге жол беріледі.
5. Қызмет көрсету салаларында, отельдерде және ресторандарда қолданылатын БКА үшін талаптар міндетті.

## Электронды бақылау-кассалық аппараттарының фиксалдық жадына қойылатын ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

1. Айқындама

БКА ФИСКАЛЬДЫҚ ЖАДЫ (ФЖ) - түзетілмейтін айлық, тәуліктік тіркеулерді және салықты дұрыс есептеу үшін қажетті, БКА-да жүргізілген, халықпен ақша есебін жүргізу туралы қорытынды мәліметті ұзақ мерзімге сақтауға энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз етуші БКА құрамындағы бағдарламалық-аппараттық жабдықтар кешені

Ескерту:

- тәуліктік (айлық) тіркеу, одан әрі ауысымдық-ауысымды жабу операцияларын жүргізу кезінде ФЖ-да халық ақша есебін жүргізу туралы қорытынды мәліметтерді сөзсіз жазуды білдіреді, солай болғанымен, ауысымның ұзақтығы 24 сағаттан аспауы керек.

ҰЗАҚ МЕРЗІМГЕ САҚТАУҒА ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК - ақпараттарды ішкі және сыртқы қуат көздерін пайдаланбай ұзақ мерзімде сақтау.

ФЖ ЖИНАҚТАУШЫ - фискальдық мәліметтерді сақтау үшін жадқа арнайы енгізілген бір немесе бірнеше микросхемалар

ФИСКАЛЬДЫҚ МӘЛІМЕТТЕР - фискальдық жадқа тіркеуге жататын мәліметтер:

ФИСКАЛЬДАУ - БКА-ның фискальды режимін қосу

ҚОРЫТЫНДЫ - құжаттарды толтыру біткеннен кейін тіркеуге жататын сомалар.

ЖЕКЕ ҚОРЫТЫНДЫ - құжаттарды толтыру процесі кезінде БКА қалыптастыратын сомалар.

АУЫСЫМДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ - БКА толтырған құжаттар қорытындысының сомасы

САТУ - ауысым бойында сатылғандарды (қызмет көрсетуді) тіркеу.

АУЫСЫМ ҚОРЫТЫНДЫСЫ - БКА толтырған құжаттар қорытындысының сомасы

САТЫП АЛУ - ауысым ішінде валюталарды сатып алуды аударымдарды төлеуді, зейнетақыларды

төлеуді тіркеу кезінде

АУЫСЫМДЫҚ АҚША - ауысым ішінде БКА арқылы өткен ақша сомаларды БКА-да тіркелетін жедел есте ұстаушы қондырғы (ЖЕҚ) аумағы

ЖАЛПЫ АҚША РЕГИСТРЛЕРІ - жұмыс уақытының барлық мерзімінде, - не болмаса соңғы жалпы өтеу сәтінен БКА арқылы өткен ақша сомалары тіркелетін БКА-ның ЖЕҚ аумағы

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ РЕГИСТРЛЕР - жүргізілген операциялар саны тіркелетін БКА-ның ЖЕҚ аумағы.

ЖАБДЫҚ АУЫСЫМДАР - ауысымдық ақша регистрлеріндегі фискальдық мәліметтерді нөлдендіру

ЖАЛПЫ ЖАБУ - жалпы ақша және операциялық регистрлерді нөлдендіру (жабу регистрлерінің санынан басқа). Егер БКА-да жұмыс режимдерін бағдарламалау қорытындыларды жалпы жадсыз жинақтау көзделсе, оны қосу, оны орнату кезіндегі БКА мәліметтеріне сәйкес жүргізіледі

Ескерту:

1. Қорытынды және қорытынды мәні жоққа шығарылуы мүмкін емес.
2. Жеке қорытындыны қалыптастыру кезінде үйлестіру, түзету, шегеру операциялары сәйкес мағынаға жеке қорытынды азайтады.

2. Фискальдық жадқа тіркелетін ақпарат

| Жазбалардың түрі | Реквизит | ондық разряд реквизитінің разрядтығы | жазбалардың саны |
|---|---|---|---|
| нөмірі | - БКА-ның заводтық нөмірі | 12 мин | 1 |
| БКА-ны фискальдандыру | - БКА-ның тіркеу нөмірі | 8 мин | |
| | - БКА иесінің идентификациялық нөмірі | | 1 |
| | - фискальдау күні | 6 мин | |
| | - фискальдық есепті қайта тіркеуді өткізу және алу үшін пароль | 5 мин | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | - БКА-ның тіркеу нөмірі | 8 мин | |
| БКА-ны қайта тіркеу | - БКА иесінің идентификациялық - нөмірі | | |
| | - қайта тіркеу күні | 6 мин | 1 |
| | - Ауысымды соңғы жабу күні | 4 мин | |
| | - Фискальдың есепті қайта тіркеуді өткізу және алу үшін пароль | 5 мин | |
| | - Есеп күні | 6 мин | |
| | - Ауысымды жабу нөмірі | 4 мин | |
| Аусымды жабу | - Ауысымдық сату қорытындысы | 7 мин | 3000 |
| | - (**) Ауысымдық сатып алу қорытындысы | 7 мин | |

Ескерту: 1. (*) белгіленген белгі мағынасы валюталарды айырбастау пункттеріндегі жұмыстар үшін ғана арналған тек БКА-на қатысты.

2. (**) белгісімен белгіленген реквизиттер валюталарды айырбастау пункттері мен ФБЖС үшін БКА-ға қатысты.

2.2. Көрсетілген мәліметтерді физикалық сақтау ФЖ жинағында жүзеге асырылуы керек.

1-кестеде көрсетілген мәліметтерді бұл жинағышта сақтауға Тиым салынады.

3. Фискальды жад жұмыстарының режимі және толтыру тәртібі

БКА Фискальды емес және Фискальды режимдердегі жұмыстармен қамтамасыз етеді.

3.1. Фискальды емес режим (ФЕР) - БКА-ның фискальды жүргізгенге дейінгі қызмет ету режимі.

ФЕР-де ФЖ-дағы ауысымдық есептерді тіркеудің іске қосылмаған міндеті және фискальдық алу қалады. ФЕР БКА-ның қалған барлық міндеттерін қолдауы керек, БКА-ның нақтылы түрлеріне пайдалану құжаттарына (ПҚ) сәйкес сату және қалыптастыру жөніндегі жинақталған мәліметтерді қоса.

Фискальдық режимде халықпен ақшалай есептеулерді жүргізу үшін БКА-ны пайдалануға жол берілмейді.

3.2. Фискальдық режим (ФР) - ФЖ-дағы фискальдық мәліметтерді тіркеуді қамтамасыз етуші БКА-ның жұмыс режимі

ФР БКА жұмысын пайдалану құжаттарына сәйкес толық қамтамасыз етуі

керек. Фискальдық режимде БКА-ның толтырылған барлық құжаттары БКА-ның ЭҚ-да көрсетілген нақтылы үлгісінің және фискальдық мәліметтерді қалыптастыруды аяқтау бойынша тек басуға енгізілуінің оның ерекшелік белгісі болуы керек.

3.3. Ауысымдық есептің мәліметтері ауысымды жабу операцияларды жүргізу кезінде (БКА-ны ауысымдық есепті жабумен қалыптастыру кезінде) ФЖ-қа тіркелуі керек.

Бұл ретте, ақша ауысымдарының регистрлерін жабу ауысымдық есептерді басқаннан және ФЖ мәліметтерін табысты тіркегеннен кейін жүзеге асырылуы керек.

Жалпы жабу, қайта тіркеу, фискальдық есептерді және мәліметтерді түзету операцияларын жүргізу БКА-ды тек ауысымдарды жабу операциялар аяқталғаннан кейін ғана жүргізіледі.

3.4. БКА календарлық тәулікпен шектелетін немесе 24 сағаттан аспайтын болуы керек ауысым ұзақтығымен бақылануы керек.

Ауысым ұзақтығының есептелу сәтінің басталуы ауысым ішінде төлем құжаттарының алғашқы тіркелуі саналады. Жоғарыда көрсетілген ауысым артып кеткен жағдайда БКА төлем құжаттарын тіркеу мүмкіндігін жабуды ауысымдық есебін өткізгенге дейін бөлу керек.

3.5. БКА-ның ағымдағы күнін өзгерту кезінде енгізілетін мәліметтерді түзетуді бақылау керек, бұл ретте фискальдау және қайта тіркеу операциялар жүргізу күндерін қосқанда, олар ФЖ-дағы соңғы жазбадан бұрын болмауы керек.

Бұдан біршама бұрынғы күн мәнді енгізуге әрекеттенген кезде БКА дұрыс күн енгізілгенге дейін барлық операцияларды жүргізу бөлініп тасталуы керек. Бір күн артық басымдыққа күн мағынасын енгізу кезінде БКА-да кездейсоқ қателердің енуін ескерту бойынша арнаулы шаралар қабылдануы керек, мысалы, күндерді қайта енгізу және оны белгілеу тек 2 мәрте сәйкес

келгеннен кейін ғана.

Ескерту:

- "00" жыл нөмірлі күн және одан әрі "99" жыл нөмірлі күннен әлдеқайда кейінгі болып есептеледі.

4. Фискальды мәліметтерді пайдалану тәртібі

Фискальдық есепті алу және қайта тіркеуді жүргізу тек ФЖ пайдалану паролі бойынша ғана мүмкін.

5. Фискальды жадты БКА бөлу тәртібі

5.1. БКА функцияларды атқаруда мынадай жағдайда бөлінуі керек:

- ФЖ пайдалануда қате парольді енгізуге әрекет еткен жағдайда;

- жалпы жабу, қайта тіркеу, фискальдық есепті алу операцияларын жүргізуге әрекет еткен кезде және 3.3.-тармақтағы жүргізілген күндерді түзету жағдайында БКА-ның бұл міндеттерді атқаруын ауысымды жабу операцияларын жүргізгеннен кейін алынып тасталады;

- БКА жалпы жабу операцияларын жүргізусіз ондық нүкте ережесін өзгертуге әрекет еткен кезде. БКА-ның бұл міндеттерін бөлу БКА-ның жалпы жабу операцияларын жүргізгеннен кейін алынуы керек;

- 3.4-тармақта келтірілген ауысымдарды жабу операцияларын жүргізген жағдай кезінде БКА міндеттерін тіркеуді бөлу ауысымды жабу операцияларын жүргізгеннен кейін алынуы керек;

3.5-тармағында келтірілген жағдайлардағы күнді түзету кезінде, БКА міндеттерін тіркеуді бөлу дұрыс күн енгізілгеннен кейін алынуы керек;

- ФЖ шамадан тыс толықтығын, бұзылғандығын және ажыратылғандығын анықтаған жағдайда. БКА міндеттерін тіркеуді бөлу, бөлуге себепші болған себептерді жөндегеннен кейін алынуы керек. Бұл ретте, ауысымдық және жинақтық есептерді жабылмай-ақ алуға, ал ФЖ шамадан тыс толық жағдайда - фискальдық есепті алуға рұқсат етілуі мүмкін.

5.2. БКА ауысымдық есептердің жазбасы үшін ФЖ-та бос алаңдар саны

туралы хабарламаны енгізумен қамтамасыз етуі керек.

Бос алаңдардың саны кемі 30 болған жағдайда хабарламалардың енгізілуі қатаң міндетті болып табылады және ауысымды жабу немесе ауысымды босату операциялар кезінде БКА жасайтын құжаттарда автоматты түрде жүзеге асырылуы керек.

6. Фискальды есептерді алу

Фискальды есептің үлгісі және оларды алу үшін әрекеттердің жүйелігі БКА-ның нақтылы моделінде ЭҚ-та көрсетілуі керек.

6.1. Фиксальды есеп мынадай реквизитті мазмұнға ие болуы керек:

- БКА-ның нақтылы тобы үшін ТС сәйкес кәсіпорындардың атауы;
- фискальдық есептің белгісі;
- құжаттың аралық рет нөмірі;
- есепті алу күні;
- БКА-ның нақтылы тобы үшін ТС сәйкес есепті алу уақыты;
- есеп қалыптасатын мерзімі;
- БКА-ның заводтық нөмірі;
- БКА-ның фискальдау нөмірі (парольдан басқа);
- БКА-ның қайта тіркелу жүргізілген реквизиттері (парольдан басқа);

* - ауысымды нақтылы жабу қорытындысы мен нөмірін тіркеу күні көрсетілген мерзім үшін барлық ауысымдық сатып алу (сату) қорытындысы;

** - мерзім ішінде сатып алудың (сатудың) жиынтық сомасы.

Ескерту:

1. * - реквизиттер фискальдық есептер толық алынғаннан кейін ғана енгізіледі.

2. ** - егер, алынатын фискальдық есеп мерзімі ішінде ондық нүкте ережесі өзгерсе реквизиттер ондық нүктеден кейінгі барынша көп белгілері бар, БКА белгіленген үлгіде қайта саналып, басылуы керек.

7. Ақпараттардың сақталуы

ФЖ жиынтығында тіркелген ақпараттар БКА фискальдық режимге көшкен сәттен кемі 6 жыл бойы сақталуы керек.

8. ФЖ-тың конструктивтік атқарылуы

8.1. ФЖ БКА сыртқы қорабы пломбаланып, орналасуы керек, ал БКА блокты - конструкциялы болған жағдайда сыртқы қабы энергетикалық тәуелсіз жедел есте сақтаған қондырғымен жабылып, пломбалануы керек, онда төлем құжаттарының фискальдық мәліметтері, ФЖ-ның басқару процессоры және басу қондырғысы қалыптасады. Фискальдық жадқа басқа орналастыруларға жол берілмейді.

8.2. ФЖ немесе ең болмағанда ФЖ жинақтаушысы жекелеген модуль (төлем) түрінде орындалған болуы керек.

Екінші модульдық конструкциясы ФЖ-да сақталатын ақпараты мен алмастырушыны (ФЖ жинақтаушыны) пайдалана алмауды қамтамасыз етуі керек.

8.3. Фискальды жад конструкциясы (ФЖ жинақтаушы) БКА жұмысы кезінде де және штаттық құралдарды, жабдықтарды және жұмсалым материалдарын қолдана отырып техникалық жабдықтау және жөндеу кезінде де механикалық электромагниттік және әсер етудің басқа да түрлерінен қорғану көзделуі керек.

9. Қосымша талаптар

9.1. БКА-да фискальды мәліметтердің сақталуын тексеру режимі көзделген болуы керек.

Режимді жүргізу тәртібі БКА-ның нақтылы моделінің ЭҚ-да көрсетілген болуы керек.

9.2. БКА-ны жасаушы БКА апатқа ұшыраған жағдайда салық инспекторының ОТҚ жағдайында ФЖ мазмұны басқа техникалық құралдарды оқу мүмкіндігін

қарастыруы керек.

Мұндай жағдайда арналған ФЖ мазмұнын оқу тәртібі БКА-ның нақтылы моделіне арналған жөндеу құжаттарында көрсетілуі керек.

10. Бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

ФЖ-дан БКА-ға бағдарламалық қамтамасыз ету оқумен және ФЖ-да ақпараттарды тіркеумен басқаратын фискальды мәліметтерді энергетикалық есте сақтаушы қондырғыларымен және фискальдық режимнің ерекшелік белгілерін енгізумен басқаратын, өз бөлігінде пайдаланушының БКА пломбасын өзгертіп, тәртіп бұзу мүмкіндігін болдырмай, БКА-ның нақты тобы үшін сәйкес функцияларды толық өткізумен бірге болуы керек.

БКА-ға ФЖ-ға, процессорға бағдарламалық және фискальдық функциялардың басқа процессорларын іске қосуды жүзеге асыру арқылы (тек ол арқылы ғана) басқару үшін бөлінген тек ғана бағдарламалық қамтамасыз ету талаптарына жататын алдыңғы абзацтағы бөлінген мулпроцессорлық БКА құру жағдайында.

Қосымша 3

"Бекітілген" "Келісілген"
Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі Экономика және сауда

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрлігі
Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіпшілер және
кәсіпкерлер одағы

Қазақстан Республикасында фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын сату техникалық қызмет көрсету және жөндеу тәртібі туралы
## Е Р Е Ж Е

Ереженің фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарды сату, жөндеу және техникалық қызмет көрсету, халықпен ақша есептерін жүргізу үшін фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарды қолданушы жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қорғау бойынша тиімді әрекет етуші жүйесін құру мақсаты бар.

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 1 қаңтардағы N 67 "Халықпен ақша есептерін жүзеге асыру кезінде фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын қолдану туралы" қаулысына сәйкес жасалған.

1.2. Ережеде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарының өтініш білдірушілері ( одан әрі өтініш білдіруші) - Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылатын, фискальды жадты бақылау-кассалық аппаратының моделі фискальды бақылау-кассалық аппаратының Мемлекеттік реестрлер модельдеріне инициативасы бойынша енгізілген адам (одан әрі мемлекеттік реестр);

фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын жеткізуші (одан әрі - жеткізуші) - фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарының белгілі бір модельдерін сатуды, техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастырушы адам;

фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарына қызмет көрсетуші техникалық орталық (одан әрі - ҚТО) - фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын пайдалануды, оларға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді әзірлеу бойынша қызмет көрсетуші адам;

фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын сатушы (одан әрі - сатушы) - фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын сатуды жүзеге асырушы адам;

тұтынушы - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын қолданушы адам;

фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарының эталондық үлгісі - фискальды-жадты бақылау-кассалық аппаратының бұл моделі техникалық

сынақтан өткен, сертификатталған және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің эталондық үлгілер лабораториясында сақталатын, Мемлекеттік реестрге енгізілген үлгі.

1.3. Фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын сату, техникалық қызмет көрсету және жөндеу тәртіптерін белгілеуге қатысушы ұйымдарға және оларды пайдаланушыларға мыналар жатады:

- Қаржы министрлігі;
- Экономика және сауда министрлігі;
- Қорғаныс министрлігі.

Қызметтің бұл түріне бақылау жасаудың айрықша құқығына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ие.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Экономика және Сауда министрлігіне, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне бірлесе отырып ;

Қазақстан Республикасының атқарушы субъект органдарының министрліктер мен ведомстволарының міндетті атқаруы үшін және фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын қолданушы адамдарға фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын сату, техникалық қызмет көрсету және жөндеу мәселелері бойынша шешім қабылдайды;

фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарының модельдерін жеткізушілерге жеткізу өтініштерін бекітеді. Жеткізуші туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарының модельдерінің Мемлекеттік реестрлерінің Ақпараттық картасына енгізіледі;

Қазақстан Республикасының аумақтарында пайдалануға рұқсат етілген, фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарының модельдері туралы қызығушылық білдірген ұйымдар мен адамдарға ақпарат береді;

Қазақстан Республикасының облыстық әкімшіліктерін, республиканың салық органдарын, Қазақстан Республикасының метрология және стандарттау органдарын фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын жеткізушілер туралы хабардар етеді;

фискальды аппаратты бақылау-кассалық аппараттарының тиісті модельдеріне қызмет көрсетуші ҚТО жүйесін дамыту туралы жеткізушіден ақпарат беруді талап етеді:

фискальды бақылау-кассалық аппараттарының модельдерін Мемлекеттік реестрлерден алып тастайды, егер олар Мемлекеттік реестрге енгізілген күннен 6 ай ішінде оларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу ұйымдастырылмаса;

Қазақстан Республикасының атқарушы үкіметінің облыстық органдарының жұмыстарын фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын сатуды,

техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастыру мәселелері бойынша үйлестіреді;

сатылатын фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарының эталондық үлгілерінің сәйкестігін, фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарының техникалық қызмет көрсету және жөндеу жағдайына бақылауды ұйымдастырады ;

фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарының нақтылы модельдерін тиімді пайдалану тәртіптерін және техникалық қызмет көрсетуді айқындау мақсатында эксперименттер жүргізуге шешім қабылдайды және бақылайды;

Қазақстан Республикасындағы фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарының техникалық қызмет көрсету және жөндеу жағдайы туралы ақпараттарды жинауды және талдауды қамтамасыз етеді, қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат береді;

фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын сатуға, техникалық қызмет көрсетуге, жөндеуге байланысты шағымдар мен өтініштерді қарайды.

Салық органдары:

осы Ереженің талаптары бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттау комитетінің және оның аумақтық органдарының ұсынысы бойынша ҚТО есебіне қояды және алады, ҚТО пайдаланатын пломбылары мен мөрлерінің бедері бар;

Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын тіркейді, тіркелген фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарының есебін жүргізеді;

фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарының мемлекеттік реестрлер үлгілері пайдалануға жіберілмеген фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарының үлгілерін тіркеуден шығарады;

фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын есепке алу және есептен шығару, сондай-ақ жөндеуге қою және жөндеуден кейін пайдалануға енгізу туралы тіркеу карточкаларын жүргізеді;

фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарындағы салық органдары және ҚТО белгілеген пломбалардың бар болуын тексереді;

салық инспекторының паролін енгізеді және фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарының фискальды жадын қосуды бақылайды, машинаны пайдалану процесі кезінде фискальдық жадын бақылайды;

қолданыстағы фискальды жадты бақылау-кассалық ақпараттарының дұрыстығын тексереді, оған қолданыстағы фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарына қызмет көрсетуші ҚТО мамандарын тарта отырып жүргізіледі;

салық органдарының қызметкерлерін оқытуды жүргізеді.

3. Қазақстан Республикасы стандарттаудың, метрологияның

сертификаттаудың облыстық органдары және олардың орталықтары:
жұмыс орындары мен жабдықтардың қауіпсіздігі бойынша ҚТО тексеру жүргізумен қамтамасыз етеді;
фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарды жөндеу, жұмысқа даярлау және бақылау үшін ҚТО пайдаланатын өлшемдер құралдарын тексеру жүргізіледі;
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне фискальды жадты бақылау кассалық аппараттарының модельдерін сертификаттау өлшемдеріне сай келмеген жағдайда Мемлекеттік реестрден шығару туралы ұсыныс енгізеді;
Қаржы министрлігінің тапсырмасы бойынша:
Қазақстан Республикасының Экономика және Сауда министрлігі:
фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарының өлшемдер мен сертификатталған модельдерінің үлгілеріне сәйкес бақылауды жүзеге асырады ( қауіпсіздік, радиолық шуылдар, функционалдық сипаттамалар бойынша);
фискальдық жадты бақылау-кассалық аппараттарына ҚТО жүргізген жөндеу сапасы туралы сараптық қорытынды береді.

4. Талап білдірушілер:

Мемлекеттік реестрге енгізілген, эталондық модель үлгісіне сәйкес келетін фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын жеткізуді жүзеге асырады;
олар жеткізген фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарына қойылатын техникалық талаптар өзгертілген жағдайда техникалық талаптарға сәйкес реттеуді қамтамасыз етеді;
ҚТО-ның стандартты жабдықтарға, тестілік бағдарламалық қамтамасыз етуге, қосалқы бөлшектерге және жөндеу, пайдалану құжаттарына қатысты заттарға берген сұраныстарын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі белгілеген фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарының барлық пайдалану мерзімі ішінде атқарады;
фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарының олар жеткізетін эталондық үлгілері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес келмесе немесе фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарындағы конструкторлық ақаулар үшін жауап береді;
Қазақстан Республикасы аумақтарындағы фискальдық жадты бақылау-кассалық аппараттарының олар ұсынған үлгілері бойынша жеткізушілердің міндеттерін атқарады, егер олар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде осы сипатта тіркелген болса, немесе өзіне жеткізушінің міндетін алатын заңды тұлғалармен шарт жасасады, ол туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне алдын-ала хабарлайды;
осы Ереженің 6 және 8-тармақтарында белгіленген талаптарды сақтаған жағдайда сатушының және ҚТО-ның міндетін атқаруға құқылы.

5. Жеткізушілер:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарының эталондық үлгілеріне сәйкессіздігі үшін жауап береді;

келісім-шарт негізінде сатушылар және ҚТО жүйесін құрады, олардың қызметтерін үйлестіреді және бақылайды;

сатушылармен фискальды-жадты бақылау-кассалық аппараттарын сатуға, фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары үшін ҚТО-мен келісім-шарт жасайды;

сатушылар мен ҚТО жұмыстарын тиісті ұйымдастыру үшін жауап береді;

талап білдірушілермен фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын жеткізуге шарт жасасады;

ҚТО арқылы фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарына кепілдік жөніндегі жұмыстарын талаптарға сәйкес қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі белгілеген фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарының барлық мерзімдегі жөндеу және пайдалану құжаттары, ҚТО-ны қосалқы бөлшектермен және жабдықтармен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерге жауап береді;

сатушылар мен ҚТО қызметкерлерінің оқуын, оларды аттестациялауды жүргізеді, оларға тиісті куәлік береді;

фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын қолдану мәселелері бойынша салық органдарының қызметкерлерімен салық органдарының өткізілетін оқуларына қатысады;

олар жеткізетін фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарды пайдалану туралы жиын өткізеді және ақпараттарды жинақтайды және оны талап білдірушілерге, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне олардың сұрауы бойынша береді;

осы Ереженің 6 және 8-тармақтарындағы тәртіптерге сәйкес талаптарды орындаған жағдайда сатушы және КТО міндетін атқаруға құқылы;

фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын сату бойынша міндеттерді сатушылардың сапалы орындауын, фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша ҚТО қызметкерлерін міндетін атқаруына бақылау жасайды және фискальды жадты бақылау-кассалық аппараттарын сатуды техникалық қызмет көрсетуді және сапалы жөндеуді ұйымдастыру мәселелері бойынша, олар үшін міндетті, нұсқаулар береді.

